

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

Тау-кен ісі кафедрасы

Гигант Ринат Ерболұлы

Анненск шахтасы шарттарында тік шахта оқпанаң өту
технологиясын жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6B07205 – Тау-кен инженериясы

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФЫЛЫМ ЖӨНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«К.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ә.А. Байқоныров атындағы тау-кен металлургия институты

Тау-кен ісі кафедрасы

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНИТУ им.К.И.Сатпаева»
Горно-металлургический институт
им. О.А. Байконурова

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра менгерушісі,
техн.ғыл.д-ры, профессор
С.К.Молдабаев
«31 05 2024 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Анненск шахтасы шарттарында тік шахта оқпанаң өту
технологиясын жобалау»

6B07205 – Тау-кен инженериясы

Орындаған

Рецензент,
PhD докторы, Л.Б.Гончаров
Атындағы Қазақ автомобиль-жол
институтының қауымдастырылған
профессоры

Р.К.Жанакова Жанакова Р.К
«30» 05 2024 ж.

Гигант Ринат Ерболұлы

Фылыми жетекші
техн.ғыл.д-ры, профессор
А.Бегалинов А.Бегалинов
«29» 05 2024 ж.

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоныров атындағы тау-кен металлургия институты

Тау-кен ісі кафедрасы

6B07205 – Тау-кен инженериясы



**Дипломдық жоба орындауга арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Гигант Ринат Ерболұлы

Тақырыбы: «Анненск шахтасы шарттарында тік шахта оқпанын өту технологиясын жобалау».

Университет ректорының 2023 жылғы «04» 12 № 548-П/Ө бүйрекімен бекітілген Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі « 20 05 2024 жыл.

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: «Анненск» кенорнының геологиялық даму тарихына, яғни тектоника және стратиграфиялық құрылымына, сондай-ақ бас оқпан салынатын таужыныстары қабатының физико-механикалық қасиеттеріне, орнықтылығына талдаулар жасау қажет;

Анненск кенорны бойынша қазіргі таңдағы пайдалы қазындыларын өндіруге арналған кенорның ашу сұлбаларына, кен орнында болашакта салынатын және бұрын салынған жер асты қазбаларын салу жобаларына сараптамалық талдаулар жасау керек; Бас оқпан қазбасының терендігі $H=723$ м, оқпан қазбасының ішкі диаметрі $D= 6$ м. Таужынысы массивінің сипаттамалары: Көп қабаттан тұратын аргиллиттер мен алевролиттер және линза тәрізді формадағы конгломераттар мен роговиктер және әктастар кездесетін күмтасты таужыныстарының бекемдік коэффициенті $f=14$, көлемдік тығыздығы $\gamma=2,5 \text{ t/m}^3$, қопсу коэффициенті $K_p = 1,3$, құрылымдық әлсіреу коэффициенті $K_c = 0,73$, қопсу коэффициенті $K_p = 1,4$ пуассон коэффициенті $\mu=0,24$, руданың орташа қалындығы 8-10 м. Оқпан қазбасы құрылышына қажетті басқа да деректерді, практика барысында қолданылған материалдардан және құрылыш алдынаның инженерлік-геологиялық мәліметтері бойынша алынады.

Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

- «Анненск» кенорнының тектоника және стратиграфиялық құрылымына, сондай-ақ физико-механикалық қасиеттеріне және тау-кен-техникалық сипаттамаларына талдаулар жасау қажет;
- «Анненск» кенорнының оқпан қазбасы өтілетін массивтің орнықтылық мөліперін, таужыныстары сілемінің кернеуін және деформациялық шарттарын Құрылыш нормалары және ережелері СНиП әдістемелері бойынша сараптау;
- Оқпан қазбасын өтуде қолданатын құрал-жабдықтарды, жарылғыш заттарды ЖЗ, бұрғылау-жару жұмыстарының құжатын жасау БЖЖ, жару құралдарын таңтау және қазбаны өту технологиясын жобалау жұмыстарын жасау;
- Оқпан қазбасын толық өтудің техника-экономикалық тиімділікті зерттеу және есептеу;

г) Тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері;

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

Жұмыс презентациясы 6 слайдтарда көрсетілген (қималар мен сызбалар AutoCAD бағдарламасында орындалып, А3 форматта шыгарылып, дипломдық жобаға қосымша жұмыс ретінде тіркеледі).

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 9 атаулардан.

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау
KESTEI

Белімдердің атауы, зерттең дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшілерге ұсыну мерзімі	Ескерту
«Анненск» кенорны аймағының инженерлік-геологиялық және техникалық сипаттамалары	12.03.2024	
Оқпан қазбасын өтуде қолданатын кешенді құрал-жабдықтарды тандау және қазба өтуде қолданылатын технологияны жобалау	21.04.2024	
Оқпан қазбасын толық өтудің техника-экономикалық көрсеткішін зерттеу және есептеу	29.04.2024	
Оқпан қазбасын өтудегі тіршілік қауіпсіздігін сақтау	20.05.2024	

Аяқталған дипломдық жұмыс (жоба) үшін, оған қатысты белімдердің жұмыстарын (жобасын) көрсетумен, кенесшілермен норма бақылаушыларының қойған қолдары

Белімдер атауы	Кенесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Геологиялық бөлім	Бегалинов А.Б. профессор	12.03.2024	
Негізгі және Арнайы бөлім	Бегалинов А.Б. профессор	21.04.2024	
Экономикалық бөлім	Бегалинов А.Б. профессор	29.04.2024	
Еңбекті қорғау бөлімі	Бақытбек Б.К. аға оқытушы	20.05.2024	
Норма бақылаушы	Мендеркинова Д.С.оқытушы	29.05.2024	

Ғылыми жетекші
Білім алушы тапсырманы орындауға алды
Күні


«27» қараша 2023ж

А.Бегалинов
Р.Е.Гигант

АНДАТТА

Дипломдық жобада Жезқазған кенорнының Аненск кенішінің оқпан қазбасының құрылышын жобалау мәселесі қарастырылған. Жобаның жалпы бөлімінде құрылыш жұмыстары жүретін алаңының геологиялық және гидрогеологиялық сипаттамалары саралған. Сонымен қатар, тау-кен құрылыш жұмыстарының негізгі ережелері қамтылған. Дипломдық жобаның арнайы бөлімінде оқпан қазбасы құрылышының технологиясы және технологиялық процесстерді орындау мәселелері қаралған. Атап айтқанда, оқпан қазбасы салынатын таужыныстарының физико-механикалық қасиеттері, орнықтылық параметрлері есептелген, бұргылап-жару және бекітпелеу жұмыстарының паспорттары жасалған. Сонымен қатар, дипломдық жобада оқпан қазбасы құрылышының экономикалық көрсеткіштері есептеліп, жұмысты ұйымдастырудың циклдық тәртібі анықталған және де енбекті қорғау мәселелері қарастырылған.

Дипломдық жұмыс 4-бөлімнен, 44- беттен, 17-кестеден, 10-суреттен, 7- қосымшадан құрастырылған және пайдаланылған әдебиеттер тізімі 9 атая.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте рассмотрена технология строительства ствола Аненского рудника Жезказганского месторождения. В общей части проекта проанализированы горно-геологические и гидрогеологические характеристики района Жезказганского месторождения. Приведены теоретические положения основных горно-строительных работ.

В специальной части дипломного проекта изложены технологические параметры строительства ствола, определены физико-механические свойства горных пород массива, параметры устойчивости горных пород и величины горного давления, рассчитаны технологические процессы проведения горных выработок, включающих разработку паспортов буровзрывных работ и крепления, а также графиков цикличной организации труда. А также в дипломном проекте определены технико-экономические показатели строительства ствола и приведены вопросы охраны труда и окружающей среды.

Дипломная работа составлена из 4 раздела, 44 страницы, 17 таблицы, 10 рисунка, 7 чертежей и список использованной литературы 9 наименований.

ABSTRACT

The technology of construction of the Annensky mine shaft of the Dzhezkazgan deposit is considered in the diploma project. In the general part of the project, the mining-geological and hydrogeological characteristics of the Zhezkazgan deposit area are analyzed. The theoretical provisions of the main mining and construction works are given. In the special part of the diploma project, the technological parameters of the construction of the trunk are outlined, the physical and mechanical properties of the rocks of the massif are determined, the parameters of the stability of rocks and the magnitude of rock pressure are calculated, the technological processes of mining operations are calculated, including the development of passports for drilling and blasting and fastening, as well as schedules of cyclical labor organization. And also in the diploma project, the technical and economic indicators of the construction of the trunk are determined and the issues of labor protection and the environment are given.

The diploma project consists of 4 sections, 44 pages, 17 tables, 10 figures, 7 drawings and a list of 9 references.

МАЗМҰНЫ

KІРІСПЕ	7
1 «Анненск» кенорны аймағының геологиялық даму тарихы, геологиялық және тау-кен техникалық сипаттамалары	8
1.1 Кеніштің геологиялық және тау-кен техникалық сипаттамалары	8
1.2 «Анненск» кенорны аймағының геологиялық даму тарихы	9
2 «Анненск» кенорнының оқпан қазбасын өту технологиясын жобалау	11
2.1 Қазба салынатын жыныстар сілемінің ығысу мөлшері бойынша орнықтылық критериясын және қазбага түсетін жүктемені, қолданылатын бекітпе түрін анықтау	11
2.2 Кеніштегі оқпан қазбасының пішіні мен негізгі өлшем мәндерін қабылдау	12
2.3 Оқпан қазбасын өтетін ұнғымалық кешенді тандау және оның өнімділігін анықтау	13
2.4 Оқпан қазбасын өтудегі бұрғылау-жару жұмыстарының параметрлерін есептеп, бұрғылау жару жұмыстарының паспортын жасау	15
2.4.1 Жарылғыш заттарды және жару құралдарын тандау	17
2.4.2 Шпурлардың негізгі параметрлерін есептеу	18
2.4.3 Шпурларды оқтап аттыру жұмыстары	19
2.5 Оқпанды желдету әдістерін тандау және оның параметрлерін есептеу	21
2.6 Оқпан қазбасын өтудегі тау жыныстарын тиеп көтеру	23
2.7 Қолданылатын бекітпенің параметрлерін есептеу. Бекітпелеу жұмыстары	25
2.8 Су төгу қондырғысын тандау. Сутекпе жұмыстары	28
2.9 Оқпан қазбасын жұмыстарын ұйымдастыру және циклдік графигін жасау	29
3 Оқпан қазбасын өтудің технико-экономикалық көрсеткіштерін есептеу	31
4 Оқпан қазбасын өтудегі еңбек және техника қауіпсіздік ережелері	34
ҚОРЫТЫНДЫ	
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	
А қосымшасы	
Ә қосымшасы	
Б қосымшасы	
В қосымшасы	
Г қосымшасы	
Д қосымшасы	

KIPIСПЕ

Қазақстан Республикасы жер қойнауындағы қосымша табиғи қор көлеміне бай елдер қатарына кіреді. Атап айтсақ мырыш, вольфрам және барит қоры бойынша бірінші, күміс, свинц, хромит металдары бойынша екінші, мыс және флюорит қоры бойынша үшінші, ал алтын қоры бойынша алтыншы орынды иемденеді. Бұл дегеніміз атап айтылған кен ресурстарын заманауи озық технологияларды қолдана отырып игерсек, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайының дамуына үлкен үлес қосатынына бірден бір дәлел.

Кен өндірісі халық шаруашылығында өте маңызды және ерекше көңіл бөлетін сала болып табылады. Қазіргі уақытта жер бетіне жақын жатқан кен қорлары азайып аяқтала бастауымен, тереңде жатқан кендерді игеру қазірден сұранысқа ие. Сондықтан қазылатын тереңдіктің үлгаяуына байланысты кен өндірісі саласында қолданылатын техника және технологияларды жетілдіру, өндірістік процестерге пәрменділігі жоғары, еңбек өнімділігін арттыратын және ауыр қол жұмыстарын жеңілдететін механизмдерді жетілдіріп қолданысқа енгізіліп отыру қажет етіледі.

Кен өндірісінде өнімділігі жоғары механизмдерді қолдану, оларды жер астына түсірумен ғана шектелмеу керек. Кен қазу жүйелерінің конструкциялық элементтерін өзгертуге әсер ететін негізгі технологиялық процестерді және пайдаланылатын жабдықтарды техника экономикалық тұрғыдан сарапталуы дұрыс шешім болып табылады.

Қазіргі таңда елімізде көптеген барланған минералды шикізат қорлары анықталған және барлау жұмыстары әліде арықарай жасалуда. Анықталған кен қорларын игере отырып сирек кездесетін түсті әрі бағалы металдар мен тау-кен химиялық шикізат көздерін қазіргі заман талabyна сай ғылыми техникалық әдістерді пайдалана отырып, кешенді түрде іске асыру қажет.

Бұл дипломдық жобада қазіргі кезде жұмыс атқарып тұрған Аненск кен орны бойынша оқпан қазбасын өтудің толықтай технологиялық жобасын жасау қарастырылған. Жоба бойынша қазба өтудің технологиясы, кен орынның геологиялық сипаттамалары, бұрғылау-жару жұмыстары және қауіпсіздік ережелері толықтай қамтылған.


1 «Анненск» кенорны аймағының геологиялық даму тарихы, геологиялық және тау-кен техникалық сипаттамалары

1.1 Көншітің геологиялық және тау-кен техникалық сипаттамалары

Анненск кенорны Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласының территориясында орналасқан және 1996 жылы пайдалануға беріліп, қазіргі таңда жұмыс жасап түр. Анненск кеніші №57 және №55 шахталармен бірге Шығыс Жезқазған Кенішіне кіреді. Шығыс Жезқазған Кенішінің жылдық жоспарлы қуаты 5,1 млн тоннаны құрайды. Шығарытын өнімдері мыс, мыс-сульфиді (1.1-сурет).

Қазіргі уақытта «Қазақмыс» корпорациясының қарамағындағы Жезқазған кен – металлургия комбинатының алып шахталарында Финляндияның «Тамрок» фирмасы шығарған өздігімен жүретін тау – кен машиналарын қолдану арқасында жер астындағы кен қазу технологиялық процесстерінің еңбек өнімділігінің артуы ең жоғары деңгейге жетіп отыр. Сонымен қатар Жезқазған кен қайранында қолданылып жүрген кен қазу жүйелері де еңбек өнімділігін арттыруға толықтай мүмкіндік беріп отыр.

Жезқақсан аумағы бойынша ең жоғары температура шілде айында + 43°C, ал ең төменгі температура қантар айында – 48°C тіркелген. Желдің орташа жылдамдығы 4,3 м/с құрайды [1].



1.1-сурет – Анненск кен орнының географиялық орналасу сұлбасы

1.2 «Анненск» кенорны аймағының геологиялық даму тарихы

Жезқазған мыс кен орны аумағындағы тау жыныстары пайда болу негізі бойынша шөгінді тау жыныстарының комплексіне жатады. Ал тау жыныстарының құрылымы сүр және қызыл түсті құмшық таастардың бір бірімен қабат – қабат болып араласуынан пайда болған екі үлкен қатпардан тұрады. Бұл құмшық таастар арасында жіңішке қабаттар күйінде аргиллиттер мен алевролиттер және линза тәрізді формадағы конгломераттар мен роговиктер, әктастар кездеседі. Бұл қатпарлар Тасқұдық және Жезқазған деп аталатын екі свитадан құралған. Тасқұдық свитасы жоғарғы қатпарда орналасқан.

Тасқұдық қатпарының қалындығы 257 ден 312 м-ге дейін және 16-20 м болатын рудасы бар қабаттар сүр және қызыл құмшық таастардан құралған. Жезқазған свитасы қатпарының қалындығы 325-370 м аралығында, ал 6 дан 15 м руда аралық қабаты, сүр және қызыл құмшық таастар түрінде олардың арасындағы жіңішке лента тәрізді қабатта орналасқан [1].

Руда көбінесе кен орнының орталық бөлігіндегі қабаттарында ені 400м ден 1,5 км дейін, ұзындығы көптеген шақырымға дейін алып жатыр. Руданың кейбір жерлердегі қабатындағы қалындығы 1,5 м ден 30-35 м-ге дейін жетеді. Орташа қалындығы кен орнының барлық бөлігін қосып есептегендеге 8-10 м болады. Руданың ұзындығы кей қабаттарда 3500 м дейін созылады да, ені 70-1200 м аралығында кездеседі.

Руданың және оны қоршаған бос тау жынысының бекемдігі жоғары бұрғылау категориялары бойынша қатты және өте қатты түрге жатады.

Құрылышы жағынан тау жыныстары байланысқан төзімді топқа жатады. Бұл топтағы тау жыныстарының ішіндегі минералдардың, яғни тастың ұсақ бөлшектері ішкі күштермен ілініп өзара бірігіп бекінген. Жезқазған шахталарындағы тау жыныстары төзімді категориясына жатады және бекемдік жағынан М.М. Протодъяконов шкаласы бойынша $f = 10 \div 16$ аралығында кездеседі. Практикадағы байқау бойынша Пуассон коэффициенті 0,23-0,25 аралығында, бос тау жыныстарының меншікті салмағы 2,5-2,6т/м³, ал руданың 2,55-2,8т/м³ аралығында болады [1].

Жезқазған қаласының стратиграфиялық құрылымы төменгі палеозой құрылымына жататын шөгінді тау жыныстары, Шайтантас свитасы (конгломерат, әктастар, турфокұмшықтар, турфоалевролиттер), ордовин интрузивті комплексі (пироксенит, габбро, габродиабаздар, грандиориттер), тағы сол сияқты биотитті граниттер мен кварцтық диориттерден бастау алады.

Аймақтың геологиялық құрылымына кембриге дейінгі палеозой және кайнозой шөгінділері жатады.

Ең көне құрылымдары жататын шөгінді тау жыныстарын конгломераттар, құмшықтар, турфокұмшықтар, турфоалевролиттер, әктас, кварциттер, гнейстер, пироксенді порфириттер, олъбитафирлі туфтар құрайды. [1]

Девон құрылымына (төменнен жоғары қарай) франск қабаты (Ярус), уайтас свитасы және сульцифер горизонты жатады.


Франск қабаты қызыл құмшықтар және конгломераттардан құралған орташа қалындығы 60м.

Уайтас свитасы кесіндісінің төменгі жағына орналасқан, ол қызыл түсті конгломераттар және құмшықтардан құралған, ал свитаның жоғарғы бөлігі жасыл сұр түсті құмшықтар мен алевролиттерден құралған орташа қалындығы 400м.

Аймақта тас көмір құрылымдары көптең тараған. Олардың орташа қалындығы 3000м дейін төменгі карбонның құрылымдары теңіз шөгінділерінен құралған.

Орта және жоғары карбон құрылымдары континетальды терригенді құрамдардан тұрады. Олардың ішінде негізінен көзге түсетіндері тасқұдық және Жезқазған рудалы қабаттар свитасы (1.2-сурет).

Кайнозой құрылымдары көбіне жер бетіне таяу және жер бетінде қалындығы 100-150м қабатта орналасқан. Олар саз-аралас құмшық, галька сияқты тау жыныстарынан тұрады [1].



1.2-сурет – Анненск кен орнының бас жоспары

2 «Анненск» кенорнының оқпан қазбасын ету технологиясын жобалау

2.1 Қазба салынатын жыныстар сілемінің ығысу мөлшері бойынша орнықтылық критериясын және қазбага түсетін жүктемені, қолданылатын бекітпе түрін анықтау

Оқпан қазбасының ұзына бойы аралығын және оқпан аузы сонымен қатар басқа да жазық қазбалармен қызылсқан жерлерінің бекітпе түрін және оның параметрлерін, сол қазбаның қоршаушы жыныстар бойынша орнықтылық категориясын (С) анықтау арқылы тандайды.

Қазбаны қоршаған массивтің бір осытік сығылуға беріктігі:

$$R_{cж} = \sigma_{cж} \cdot K_c = 10 \cdot f \cdot K_c = 10 \cdot 14 \cdot 0,4 = 56 \text{ МПа}, \quad (2.1)$$

Қазбадағы жыныстардың орнықтылық критериясы:

$$C = \frac{K_{cб} \cdot K_{ц} \cdot K_t \cdot H_p}{26,3 + K_a \cdot R_{cж}(5,25 + 0,0056 \cdot K_a \cdot R_{cж})}, \quad (2.2)$$

$$C = \frac{1 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 723}{26,3 + 1 \cdot 56(5,25 + 0,0056 \cdot 1 \cdot 56)} = 2,139,$$

мұндағы $K_{cб}$ – басқа қазбалардан түсетін әсер коэффициенті $K_{cб} = 1$;

$K_{ц}$ – оқпанға тазарту жұмыстары әсерінің коэффициенті $K_{ц} = 1$;

H_p – қазбаның терендігі, м;

K_t – қазбаның жұмыс уақытының әсер ету коэффициенті $K_t = 1$;

K_a – жыныстардың жатыс бұрышының әсер ету коэффициенті $K_a = 1$;

Кесте 2.1- Тік қазбалар бойынша орнықтылық категориялары

Орнықтылық категориялар	Орнықтылық жағдайы	Тік қазбадағы жыныстардың орнықтылық критериясы
I	Орнықты	3 ке дей
II	Орташа орнықты	3 тен 6 дейін
III	Орнықсыз	6 дан 10 дейін
IV	Өте орнықсыз	10 нан жоғары

2.1-кесте бойынша таужыныстары орнықты категорияға жатады.

Оқпан қазбасы ұзынабойы мықты арқаулармен салынғандықтан және таужыныстары орнықты, әрі тазарту және сутегу жұмыстарының кері әсері болмағандықтан тұтас бетон бекітпесі қолданылады.

Жыныстардың I категория орнықтылығында бетон бекітпесінің қалындығын есептемей-ақ 2.2-кесте бойынша алуға болады.

Кесте 2.2 – СНиП II-94-80 талаптары бойынша I категориялы жыныстарға бетон бекітпесінің қалындығы [2].

Оқпан тереңдігі, м	Жыныстардың жатыс бұрышы бойынша бетон бекітпесінің қалындығы, мм	
	35° дейін	35° үлкен
500 дейін	200	250
500 үлкен	250	300

2.2-кесте мәліметтері бойынша қазба тереңдігі 500 м деңгээлдең жоғары болғандықтан тұтасбетон бекітпесінің қалындығын біржолата $\delta_k = 250$ мм деп қабылдаймыз.

2.2 Көнштегі оқпан қазбасының пішіні мен негізгі өлшем мәндерін қабылдау

Оқпан қазбасының қабырғалары берік түру мақсатында және қазба өту кезіндегі шпурларды бұрғылау, бекітпелеу және бос жыныстарды тиеп көтеру жұмыстарын толық механикаландыру үшін қазба пішінін дөңгелек етіп аламыз.

Есептеулер барысында дөңгелек пішінді қазбаның жобалық қара ауданы ($S_{вч}$), қазбаны өтудегі ауданы ($S_{өту}$), және көлденен қимасының ішкі сәулелі ауданы (S_{cb}) анықтаймыз.

Оқпан қазбасының көлденен қимасы бойынша ішкі сәулелі ауданы:

$$S_{cb} = \frac{\pi \cdot D_{cb}^2}{4} = \frac{3,14 \cdot 6^2}{4} = 28,26 \text{ м}^2, \quad (2.3)$$

Қазбаның ішкі диаметрі арқылы, жобалық қара диаметрді анықтаймыз:

$$D_{вч} = D_{cb} + (\delta_k \cdot 2) = 6 + (0,25 \cdot 2) = 6,5 \text{ м}, \quad (2.4)$$

Қазбаны өту кезіндегі диаметр:

$$D_{пр} = D_{вч} \cdot K_{апт.бұз} = 6,5 \cdot 1,05 = 6,825 \text{ м}, \quad (2.5)$$

Оқпанның жобалық қара ауданы:

$$S_{\text{вч}} = \frac{\pi \cdot D_{\text{вч}}^2}{4} = \frac{3,14 \cdot 6,5^2}{4} = 33,16 \text{м}^2, \quad (2.6)$$

Келесі қазбаны өтудегі ауданын табамыз:

$$S_{\text{пр}} = \frac{\pi \cdot D_{\text{пр}}^2}{4} = \frac{3,14 \cdot 6,825^2}{4} = 36,5 \text{м}^2, \quad (2.7)$$

Оқпан қазбасын толық бекітуге жұмсалатын бетон қоспасының мөлшері:

$$V_{\text{бет}} = (S_{\text{пр}} - S_{\text{св}}) \cdot L_{\text{қаз}} = (36,5 - 28,26) \cdot 723 = 5957,52 \text{м}^3, \quad (2.8)$$

2.3 Оқпан қазбасын өтетін ұнғымалық кешенді таңдау және оның өнімділігін анықтау

Жалпы кенді өндіру мақсатында пайдаланатын оқпан қазбаларын пайдаланымдық оқпандар (эксплуатационные стволы) деп атайды. Пайдаланымдық оқпандар атқаратын қызметіне қарай негізгі және көмекші болып екіге бөлінеді. Оқпан аузын өту кешені.


Оқпан аузын салу жұмыстары жер бетінен басталатын болғандықтан, ол тұрақсыз, жұмсақ немесе сулы жыныстар қабатында салынуы мүмкін. Сонымен қатар оқпан аузының бекітпесіне көтерім қондырғыларының күші тік бағытта, оны қоршаған тау жыныстарынан жазық бағытта ал үстінде орнатылған мұнаралы діңнен кергіш күштер түседі. Сол себепті оқпан аузын салуды жобалау кезінде тірек тәжін қатты жыныстар сілеміне салынатын етіп, оқпанға су келмес үшін жер бетінен 200 мм биік етіп, бекітпені қалың әрі сапалы түрде салу қажет [3].

Шахта оқпаны орналасқан теренждігіне байланысты үш бөлімге бөлінеді: оқпан аузы (сағасы), негізгі бөлім және зумф.

Шахта оқпанының аузы бұл оқпанның жер бетімен қиылышатын, негізгі жүк қысымын қабылдайтын және берік бекітпелермен бекітілген бөлімі.


Зумпф бұл шахта суларын жинайтын оқпанның ең төменгі бөлімі.

Оқпанның негізгі бөлімі деп оқпан аузы мен зумпф аралығындағы оқпанды басқа қазбалармен байланыстыратын ең ұзын бөлім. Оқпанның негізгі бөлімінде негізгі қазбаны өту жұмыстары жүргізілетіндіктен оны сапалы әрі берік түрде салу керек. Және де осы негізгі бөлімде оқпан қазбасы жазық қазбалармен қиылышатын болғандықтан оны жобалау, бекіту және өту жұмыстары да курделі болып табылады. Сондықтан оқпан қазбасының негізгі бөлімін өту жұмыстары жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керек (2.1-сурет).



1 – Оқпан аузы. 2 – Негізгі бөлім. 3 – Зумпф
2.1-сурет – Оқпан қазбасының бөлімдері


Оқпан аузы үш бөлімнен тұрады: Бас жағы (оголовник), орта бөлігі және тірек тәжіт (опорный венец)(2.2-сурет).



2.2-сурет – Оқпан аузының құрылымының түрлері

Оқпан аузын салу үшін түрлі механизмдер мен жылжымалы қондырғылар немесе көтерім машинасы сияқты тұрақты кешендер қолданылады. Мысалы КПШ-2,КПШ-3,ПК-1,КС-14 және басқада жылжымалы кешендер.

Оқпан аузын өту үшін КПШ-2 типті жабдықтар кешенін таңдадым.Оның құрамына КС-3 типті пневмотиегіш, аспалы қалыптар, ЛП-10/800 типті шығыр қондырғылары, К-51 автокраны, Э-505-А типті кран экскаватор, сиымдылығы 1m^3 болатын екі қауға, жактаулы шаблондар және бетон қоспасы жүретін құбырлар кіреді [2] (2.3-сурет).



2.3-сурет – КПШ-2 типті жабдықтар кешені

Кесте 2.3 – КПШ-2 типті жабдықтар кешенінің сипаттамасы

Оқпан диаметрі, м	6,5
Оқпан терендігі, м	50
Экскаватор	Э-505-А
Кран жебесінің ұзындығы, м	13
Канатсыымдылығы, м	55
Қауға сиымдылығы, м ³	1
Көтеру жылдамдығы, м\с	0,8

2.4 Оқпан қазбасын өтудегі бұрғылау-жару жұмыстарының параметрлерін есептеп, бұрғылау жару жұмыстарының паспортын жасау

Қарастырылып жатқан оқпан қазбасын өту үшін КС-2У типті кешен қолданылады және қатты таужыныстары сілемінде салынатын болғандықтан бұрғылап-жару әдісі арқылы өтіледі.

Бұрғылап-жару жұмыстары, шпурларды бұрғылау, оқтау және аттыру секілді операциялардан тұрады.


Бұрғылап-жару жұмыстарына қойылатын талаптар: жарылыстан кейін уатылған жыныстар мейлінше ұсақ әрі бір келкі болып шығу; шпурларды пайдалану коэффициентінің мәнене ең жоғарғы шамада болу және қазбадағы жыныстарды қосымша қолмен уату қажеттігін болдырмау; жарылыстан кейінгі

қазбаның контурын жоспарланған пішінде шығару жарылыс өсерінен жыныс кесектерінің алысқа ұшуын болдырмау.[4]

Оқпан забойында шпурларды бұрғылау үшін соқпалы-айналмалы қол бұрғылары және бұрғы қондырғылары қолданылады.

Оқпан диаметрі 4-5 м дең асатын болғандықтан шпурларды бұрғылау үшін БУКС-1М қондырғысы қабылданды. Ол қозғалмалы колоналардан (1) және олаларға орнатылған БГА-1 типті бұрғы машиналары орнатылған (3) төрт тұрақтан құралады. Кондырғыда екі дең алтыға дейін бұрғы машиналарын орнатуға болады және забойда ұңғыларды арнайы схемалармен бұрғылауға мүмкіндік тудырады. БУКС-1М қондырғысының жалпы салмағы 7,5–8,5 т, бұрғыланатын шпур терендігі 4,25–5,6 м, диаметрі 43–52 мм ал қондырғыда жұмысшылар саны 3-4 адамды құрайды [4].

БУКС-1М қондырғысы көмегімен бұрғылау жұмыстарының өнімділігі 15–20% дейін артады (2.4-сурет).



1-қозғалмалы колона (распорная колонка); 2-тұрақ (стойка); 3-бұрғылау машинасы (бурильная машина).

2.4-сурет – БУКС-1М қондырғысы

Бұрғылау қондырғысының техникалық өнімділігін анықтаймыз:

$$Q = \frac{60 \cdot \varphi \cdot n \cdot k_{H,\vartheta_m} \cdot m}{(1 + \vartheta_m \cdot \sum t_e)} \text{ сағ}, \quad (2.9)$$

мұндағы φ - бұрғылау машиналарының бір мезеттегі жұмыс қабілеттілігі коэффициенті (0,7-0,8);

$k_{H,\cdot}$ -бұрғылау қондырғысының сенімділік коэффициенті (0,8-0,9);

n -бұрғылау машиналарының саны (4);

ϑ_m -бұрғылаудың механикалық жылдамдығы ($f = 10-14$ болғанда $\vartheta_m = 0,5 - 0,7$);

$\sum t_e$ -қосымша жұмыстар уақыты ($f > 10$ болғанда $\sum t_e = 1,5 - 2$ мин/м);

$$Q = \frac{60 \cdot 0,8 \cdot 4 \cdot 0,9 \cdot 0,6}{(1 + 0,6 \cdot 1,5)} = 54,56 \text{ м/сағ},$$

2.4.1 Жарылғыш заттарды және жару құралдарын таңдау

Жарылғыс бұл – өте шапшаң түрде жүзеге асатын, химиялық реакцияның әсерінен газдар мен асқан қызудың нәтижесінде белгілі ортаға әсер ететін құбылыш.

Жарылғыш зат дегеніміз – бірнеше химиялық заттардың қосындысы нәтижесінде, сыртқы күштердің әсерінен атылғыс беретін заттар.

Оқпан құрылғысындағы қолданылатын жарылғыш заттарды таңдағанда: ең бірінші қазбаның шандылық және газдылық мөлшеріне, таужыныстары сілемінің геомеханикалық қасиеттеріне, қазбаға келетін сулардың мөлшерін ескеру қажет. Соған қарап химиялық құрамы түрақты, тығыздығы жоғары, бағалары арзанға түсетін түрін таңдаған дұрыс.

Оқпан қазбасын өту кезінде көбінесе патрондалған ЖЗ қолданылады.

Қазбаны өту жобасы бойынша М детонит жарылғыш затын, ал аттыру қуралы ретінде электродетонатор қолданылады.

Кесте 2.4 – М детонит жарылғыш затының негізгі сипаттамалары:

ЖЗ-тардың түрлері	Суга түрақтылығы	Жұмыс қабілеттілігі, см ³	Тығыздығы, г/см ³	Патрон		
				Диаметрі, мм	Ұзындығы, мм	Салмағы, г
М детониті	Түрақты	460	1,0-1,3	28, 32, 36,42	284	150-250

Жарылғыш заттың шығыны 2.4-кесте бойынша:

$$q = q_e \cdot e = 1,76 \cdot 1 = 1,76 \text{ кг/м}^3 \quad (2.10)$$

Мұндағы e – жарылғыш заттардың жұмысқа қабілеттілік коэффициенті

Кесте 2.5 – Жарылғыш заттардың меншікті шығыны

Қазбаның қима ауданы	Протодьяконов шкаласы бойынша бекемдік коэффициенті, f						
	1,5	2-3	4-6	7-9	10-14	15-18	19-20
Атылғыш зат патронының диаметрі, 40-45мм							
10-20	1	1,36	1,6	1,88	2,24	2,64	2,92
20-40	0,73	0,92	1,12	1,4	1,76	2,16	2,44
>40	0,42	0,72	0,96	1,2	1,56	1,96	2,2

Жарылыс жұмыстарын жүргізу барысында, қазба пішіні накты шығуы үшін шпурларды пайдалану коэффициенті маңызды орын алады (2.5 кесте).

Кесте 2.6 – Шпурларды пайдалану коэффициенті

Шпурлардың терендігі, м	Тау жыныстарының бекемдігі, f					
	6-8	8-10	10-12	12-14	14-16	16-18
1,5	0,95	0,93	0,91	0,89	0,87	0,85
2	0,91	0,89	0,87	0,85	0,83	0,80
3	0,86	0,84	0,82	0,80	0,78	0,75

Бір циклді өту кезіндегі жұмыстарға жұмсалатын жарылғыш заттың толық шығыны:

$$Q = q_{\vartheta} \cdot V = q \cdot l_{\text{ш}} \cdot S_{\text{пп}} = 1,76 \cdot 3 \cdot 36,5 = 193 \text{ кг}, \quad (2.11)$$

мұндағы V – қопарылатын таужыныстар көлемі

Бір шпурға кететін атылғыш заттың орташа мөлшері:

$$Q_1 = \frac{Q}{N} = \frac{193}{66} = 2,9 \text{ кг}, \quad (2.12)$$

2.4.2 Шпурлардың негізгі параметрлерін есептеу

Шпурлардың саны және диаметрі өтілетін оқпанның көлденең қимасының ауданына, жыныстардың физика механикалық қасиетіне және атылғыш заттың түрі мен патронының диаметріне байланысты.

42 мм лік патрондалған М детонит жарылғыш заты шпурға еркін орналасуы үшін, шпур диаметрін 48 мм етіп аламыз.

Шпур терендігі: Қолданылатын бұрғы қондырғыларының негізі бойынша шпур терендігін 3 м деп аламыз [4].

Жарылыстан кейінгі қазбаның алға жылжу ұзындығы:

$$l_y = l_{\text{ш}} \cdot \eta = 3 \cdot 0,87 = 2,6 \text{ м}, \quad (2.13)$$

Оқпан қазбасының көлденең қимасының піші дұрыс шығуына, жыныстардың дұрыс уатылуына шпурлардың саны тікелей әсер етеді.

Шпурлардың саны:

$$N = \frac{1,27 \cdot q \cdot S_{\text{пр}}}{\Delta \cdot a \cdot d_n^2 \cdot K} = \frac{1,27 \cdot 1,76 \cdot 36,5}{1200 \cdot 0,65 \cdot 0,042^2 \cdot 0,9} = 66, \quad (2.14)$$

мұндағы d_n – атылғыш зат патронының диаметрі;

Δ – патрондағы атылғыш заттың тығыздығы;

a – шпурдың толу коэффициенті;

K – шпурлардың оқтаудың тығыздығы;

Жалпы шпурлардың ұзындығы:

$$L_{\text{Ш}} = 5 \cdot 3,2 + 21 \cdot 3 + 40 \cdot 3 = 199 \text{м} \quad (2.15)$$

2.4.3 Шпурларды оқтап аттыру жұмыстары

Оқпанда орналасатын шпурлар міндептіне, аттырылатын уақытына және орналасу орындарына қарай мына топтарға бөлінеді:

Үңгіме шпурлар – бірінші аттырылады және қазбаның ортасында орналасады;

Жиектеуші шпурлар – қазбаның жиегінде орналасады және соңғы аттырылады;

Көмекші шпурлар – үңгіме жиектеуші шпурлар арасында орналасады, үңгіме шпурлардан кейін аттырылады;

Үңгіме шпурлар басқа шпурлар мен салыстырғада 15-20 см терең етіп бұрғыланады. Менің жағдайымда таужынысы бекем болғандықтан үңгіме шпурларды шеңбер бойына конус тәрізді етіп орналастырамын. Бірінші шеңберде орналасатын үңгіме шпурлар $75-85^\circ$ пен оқпан ортасына қарай бұрғыланады.

2.6 – кесте бойынша үңгіме шпурлар саны $n_y = 7$, ал үңгіме шпурлар орналасатын шеңбердің диаметрі $D_y = 1,8$ м етіп қабылдаймыз.

Көмекші шпурлар орналасатын шеңберлер саны:

$$n_0 = \frac{D_{\text{ж}} - D_y - 2C}{2W} - 1 = \frac{6 - 1,8 - 2 \cdot 0,2}{2 \cdot 0,7} - 1 = 1,7 = 2 \quad (2.16)$$

мұндағы $D_{\text{ж}}$ – оқпанның жалпы диаметрі;

D_y – үңгіме шпурлар орналасқан шеңбердің диаметрі;

C – жиектеуші шпур мен қазба қабырғасының ара қашықтығы;

W – концентрлі шеңберлердің өзара қашықтығы, м;

$$W = 1,13 \sqrt{\frac{S_{\text{ж}}}{N}} = 1,13 \sqrt{\frac{36,5}{66}} = 0,8 \text{м} \quad (2.17)$$

Кесте 2.7 – Үнгіме шпурлардың саны және олар орналасатын шеңбер диаметрі

Көрсеткіштер	Көрсеткіштердің сәйкес мәндері			
	1,5	6	7	20
Бекемдік коэффициенті	<7	>7	<7	>7
А3 патронының диаметріне байланысты үнгіме шпурлар орналасатын шеңбер диаметлері:				
$d_n = 32$ және 36 мм	1,6-2	1,8-2,2	1,6-2	1,8-2,2
$d_n = 45$ мм	1,8-2,2	2-2,6	1,8-2,2	2-2,6
А3 патронының диаметріне байланысты үнгіме шпурлардың саны:				
$d_n = 32$ және 36 мм	5-6	6-7	7-8	8-10
$d_n = 45$ мм	4-5	5-6	5-6	6-7

